

Жол қорының 1997 жылға арналған бюджеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 20 ақпандағы N 238

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жол қорының 1997 жылға арналған

бюджеті қосымшаға сәйкес кірісі мен шығысы бойынша 9495 млн. теңге сомасында бекітілсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҮ-нің 1997.12.31. N 1880 қаулысымен.

P971880_

2. Жол қорының 1997 жылға арналған бюджетінің кіріс бөлігі мыналардың есебінен құралады деп белгіленсін:

автомобиль жолдарын пайдаланушылар жасайтын аударымдардан;

Қазақстан Республикасы аумағына келгені, кеткені және жүріп өткені үшін алынатын төлемдерден;

бөлшек саудада сатылатын бензин мен дизель отынын сатқаны үшін алынатын алымдардан;

мемлекеттік ақылы автомобиль жолдарымен жүргені үшін алынатын төлемдерден;

заңмен көзделген басқа да түсімдерден.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

1997 жылға арналған бюджетте республикалық жол қорына түсетін қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жалпы мемлекеттік маңызы бар объектілерді қаржыландыру үшін резерв құруды көздей отырып, Жол қоры кірісінің облысаралық реттелуін қамтамасыз етсін.

Жол қоры қаражатының есебінен орындалатын жұмыстар, негізінен тендер арқылы жүргізілсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және

облыстардың әкімдері арнаулы жол қорына төлемдердің толық және уақытылы түсуін, сондай-ақ олардың нысаналы пайдалануын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Жол

қорына қаржының толық және уақытылы түсуін қамтамасыз етуге жәрдемдессін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол қоры бюджетінің орындалу барысы туралы тоқсан сайын хабарлап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1880
қаулысымен

P971880_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1880 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Жол қорының 1997 жылға
арналған бюджеті

(мың теңге)

Кірістер мен шығыстардың баптары		Барлығы Оның ішінде

		республика. облыстық Жол
		лық Жол қоры қоры

Кірістер

1. 1997 жылдың 1 қаңтарындағы	258240	95137	163103
-------------------------------	--------	-------	--------

қаражаттың қалдығы

2. Автомобиль жолдарын пайдала. нушылардың аударымдары	7192990	4627668	2565322
3. Қазақстан Республикасының аумағына келгені, кеткені және жүріп өткені үшін алынатын төлемдер	535700	535700	-
4. Бөлшек саудада бензин мен дизель отынын сатқаны үшін алым	1178610	589306	589304
5. Ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін алынатын төлемдер	60000	60000	-
6. Басқа да түсімдер	269460	118189	151271
Кірістердің жиыны	9495000	6026000	3469000
Шығыстар			
1. Кіріспен жабылмаған 1996 жылдың шығыстары	674731	399059	275672
2. Жолдарды ағымдағы жөндеу, күтіп ұстау, көгалдандыру және басқару	3519281	1467298	2051983
3. Жолдарды және олардағы құрылыстар салу, күрделі және орташа жөндеу	2915030	1874012	1041018
4. Жалпы мемлекеттік маңызы бар объектілерді қаржыландыруға арналған резерв	1863564	1863564	-

5. Басқа да шығыстар	522394	422067	100327
----------------------	--------	--------	--------

Шығыстардың жиыны	9495000	6026000	3469000
-------------------	---------	---------	---------

Кірістің шығыстан артуы	0	0	0
-------------------------	---	---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК